



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ӨНЕР МУЗЕЙІ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ
«Қастеев оқулары-2023» атты жыл сайынғы
ғылыми-практикалық конференциясы
МУЗЕЙДІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МИССИЯСЫ

2023 жылы Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі «Қастеев оқулары-2023» атты жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырады. Конференция әлемдегі қарқынды өзгеріс жағдайындағы мәдени мұраны дамыту және сақтау мүмкіндіктерін талқылайтын пікірталас алаңына айналуы көздейді. Жаңа сыртқы саяси және әлеуметтік-мәдени жағдайлар қазіргі кезеңде қоғамның мәдени мұрасы мен рухани жаңғыруын өзектендіру қажеттілігін талап етеді. Музейлер қазіргі жағдайдың өзгерістеріне және барысына жауап бере отырып, мәдени мұраны сақтау, зерттеу және насихаттау бойынша негізгі миссиясын жалғастыруда.

Сала мамандары үшін бұл конференция музей ісінің теориясы мен практикасын, өнертанудың өзекті мәселелерін талқылауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұсынуға, өңірлік көркемсурет мектептерінің дамуы мен қазіргі заман суретшілерінің шығармашылығы жайлы пікірін білдіруге мүмкіндік береді. Біз Сіздерді конструктивті кәсіби диалогқа шақырамыз!

Конференция 2023 жылғы 12 қазанда сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде өтеді, Алматы, Қазақстан

Конференцияның мақсаты – қазіргі замандағы даму контексінде мәдени мұраны зерттеу, сақтау және дәріптеу миссиясын жүзеге асырудағы музей қызметінің тиімділігін арттыру үшін ғылыми жұмыстардың нәтижесін көрсету.

Конференцияның міндеттері:

- Музейдің бүгінгі миссиясы: әдістері мен құралдары
- Музей ісінің теориясы мен практикасының өзекті мәселелері
- Өнертану теориясы мен тарихының проблемалары
- Тарихи ретроспективада Қазақстанның бейнелеу өнерінің даму парадигмасын ұғыну әне талдау
- Мәдени және көркемдік мұраны зерттеу мен жандандырудың тиімді әдістерін іздестіру
- Музей практикасындағы интерактивтік және ақпараттық технологиялар
- Музей коллекциясын ғылыми зерттеудегі ашылған жаңалықтар
- Музей мекемелерін дамытудағы инновациялық қызмет

Конференция жұмысының бағыттары: музейтану, мәдениеттану, өнер тарихы, өнер философиясы, музей педагогикасы

Конференцияға қатысуға шақырылатындар:

Музей мамандары, өнертанушылар, әлеуметтік мәдениеттанушылар, тарихшылар, көркемдік ЖОО оқытушылары, аспиранттар, магистранттар.

Негізгі мәселелер:

- Іргесі қаланған уақыттан бастап бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның бейнелеу өнерінің эволюциясы
- Заманауи көркемдік процестің стиль жасаушы үрдістерін талдау
- Қазақстан бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерінің теориясы мен тарихының проблемалары мен үрдістері
- Заманауи көркемдік процестегі дәстүрлер мен инновациялар.

Конференцияны ұйымдастырушылар конференцияның басталуына дейін мақалалар жинағын бастырып шығаруды ұйғарды. Қатысу үшін өтінімдеріңіз (үлгісі қосымшада) бен мәтіндеріңізді **2023 ж. 8 қыркүйектен кешіктірмей** жіберулеріңізді сұраймыз. Көрсетілген күннен кешіктіріліп жіберілген мәтіндер қабылданбайды.

Ұйымдастыру комитеті материалдар конференцияның ғылыми деңгейіне немесе тақырыбына сәйкес келмесе, жариялауға арналған материалды қабылдамауға құқылы.

Материалдар жариялаған кезде авторлық редакция сақталады. Мазмұны мен жіберілген қателер үшін мақаланың авторы жауап береді. Мәтінді ресімдеу үшін қойылатын барлық талаптарды сақтауды өтінеміз.

Конференцияның жұмыс тілі – қазақ және орыс тілдері.

Материалдарды ресімдеу үшін қойылатын талаптар:

Баяндаманың редакцияланған мәтіні Word, Times New Roman мәтіндік редакторында орындалады, қаріпі 14, тасымалсыз, жол аралығы – 1, жиектері – 2,0. Мәтін көлемі 7-9-беттен аспауы тиіс. Мәтінге жалпы саны 6-дан аспайтын иллюстрация қосуға болады.

Парақтың оң жақтағы жоғарғы бөлігінде – ТАӘ (толығымен), қызмет орны, атағы, ғылыми дәрежесі. Баяндаманың атауы дәл ортасында жазылады. Мақала резюмесі негізгі мәтін тілінде жазылуы тиіс (100 сөзге дейін). Соңына жазылатын сілтемелер дереккөз бен беттің реттік нөмірі арқылы көрсетіледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі сілтемелерді ресімдеу үшін бекітілген талаптарға сәйкес мәтіннің соңына орналастырылады.

Басқа қаладан келетін мамандар қатысқан жағдайда іссапар шығындары жіберуші Тараптың есебінен өтеледі.

Қатысуға арналған өтінімді және материалды келесі мекенжайға жіберулеріңізді өтінеміз:

050040 Алматы, Көктем-3, 22/1 немесе электрондық пошта арқылы

Жобаны үйлестіруші: Екатерина Резникова,

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ ғылыми хатшысы (727) 394-57-05

E-mail: reznikat@yandex.ru

Факс: (727) 394-55-19

ҚАТЫСУҒА АРНАЛҒАН ӨТІНІМ

Тегі, аты, әкесінің аты
(толығымен) _____

Қызмет орны _____

Лауазымы _____

Ғылыми дәрежесі, атағы _____

Баяндаманың тақырыбы _____

Мекенжайы _____

Телефон, факс _____

E-mail _____

Баяндама тақырыбы _____

МӘТІНДІ РЕСІМДЕУ ҮЛГІСІ

**Резникова Екатерина Ильинична,
өнертану кандидаты,
Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ
ғылыми хатшысы,
Қазақстан, Алматы**

МУЗЕЙДЕГІ ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазіргі қоғамның дамуының маңызды факторларының бірі – цифрландыру болып табылады. Зерттеу жұмысында музей экспозициясына инновациялық техникалық құралдарды қосуға арналған әртүрлі тәсілдер көрсетіледі, сонымен қатар музей экспонаттарын өңдеу кезінде инновациялық электрондық әдістерді қолдану қарастырылады.

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі қызметінде... мақала мәтіні.

Өнертанушы... бұл құбылысты былай сипаттайды: «сілтеме» [2, 34-б.].

Әдебиеттер тізімі

1. Арсланов В.Г. Өнертану теориясы мен тарихы. Ежелгі дәуір. Орта ғасырлар. Қайта өрлеу. – М.: Академиялық даңғыл; Мәдениет, 2015. – 436 б.
2. Маньковская Н. Постмодернизмнің эстетикасы. – СПб: Алетейя, 2000. – 347 Б.
3. Барри Лорд, Гейл Лорд. Музей ісіндегі менеджмент / Ағылшын тілінен аударған Э.Н. Гусинский және Ю.И. Турчанинова; ред. А.Б. Голубовский. – М.: Логос, 2002. – 256 б.